

2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. М ы н а л а р д ы ң :

362, 363, 364, 365-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 2 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 2 3 5 қ а у л ы с ы н а

362-ҚОСЫМША

501 - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6 ж ы л ғ а а р н а л ғ а н

"Сот жүйесі органдарының қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 10747537 мың теңге (он миллиард жеті жүз қырық жеті миллион бес жүз о т ы з ж е т і м ы ң т е ң г е) .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы ; "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 88-бабы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы ; "Сот әкімшілігінің жаңа жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 471

Жарлығы ; "Қызмет телефондары мен мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаң нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1271 Қаулысы; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 Қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 Қаулысы ; "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарын пайдалануды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 ақпандағы N 288 Қаулысы ; "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 Қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : азаматтар мен ұйымдардың Конституциялық құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, сот төрелігін іске асыру кезінде судьялардың тәуелсіздігін күшейту, сот-құқықтық реформаның қарқынын жеделдету, атқарушылық іс жүргізу қызметін қамтамасыз ету, соттардың дербестігін күшейту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : жергілікті соттардың азаматтық, қылмыстық және басқа да істер бойынша жоғары қадағалауды іске асыру, атқару құжаттарын орындауды бақылау, заңдарды жүйелеу жөніндегі жұмысты іске асыру, азаматтар мен ұйымдардың арыздарын қарау, сот төрелігін сапалы іске асыруы үшін судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін материалдық-техникалық және әлеуметтік қамтамасыз ету, өзінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру жөнінде қойылған біліктілік талаптарына сәйкес, білім беру бағдарламалары бойынша кәсіптік қызмет саласында теориялық және практикалық білімін, іскерлігі мен кәсіби дағдысын шыңдауды жүзеге асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағ- дар- лама коды	Кіші бағ- дар- лама коды	К і ш і бағдар- лама- лардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орын- даушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001					

			С о т жүйесі орган- дарының қызметін қамтама- сыз ету			
2		007	Мемле- кеттік қызмет- шілердің білікті- лігін арттыру	Мемлекеттік қызметші- лердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет көрсетулерді бес тақырып бойынша с а т ы п а л у : 1) сот өндірісін жүргізу практикасы; 2) қылмыстық, азамат- тық және әкімшілік істер бойынша сот практикасын қорыту; 3) жекелеген санаттағы істерді қараудың ерек- ш е л і к т е р і ; 4) атқарушылық өндірі- сін ұйымдастырудың т ә р т і б і ; 5) атқарушылық құжат- тарды электронды есепке алуды ескеріп атқарушылық өндірісті ж е т і л д і р у . Мемлекеттік ағылшын тілдеріне оқыту.	2006 жылдың 2 - 4 тоқсан- дары	Қазақстан Республи- к а с ы Жоғарғы Соты , Қазақстан Республи- к а с ы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкім- шілігі жөніндегі комитет, облыстар- дағы , Астана м е н Алматы қалала- рындағы әкімшілер
3		008	Мемле- кеттік орган- дардың ғимарат- тарын, үй-жай- лары мен құрылыс- тарын күрделі жөндеу	Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Павлодар облыстарында және Алматы қаласында- ғы судьялардың және сот жүйесі қызметкер- лерінің еңбек жағдайын жақсарту үшін жергілікті соттардың ғимаратына және үй- жайларына күрделі жөн- деу жүргізу жөніндегі қызмет көрсетулерді сатып алу.	Ж ы л бойы	Қазақстан Республи- к а с ы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкім- шілігі жөніндегі комитет, облыстар- дағы , Астана м е н Алматы қалала- рындағы әкімшілер
4		009	Мемле- кеттік орган-	Судьялар мен сот жүйе- сі қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсар-	Ж ы л бойы	Қазақстан Республи- к а с ы

			дарды материалдық-техникалық жарақтандыру	ту үшін жиһаздарды, сейфтер, кеңсе жабдығын; жедел байланыс үшін шағын-АТС; соттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, олардың ғимаратына кіруді бақылайтын жабдықтарды, әкімшілік ғимаратты тазалау үшін жабдықтарды; сот процестерін жазып алу үшін аудио және бейнежабдықтарды; медициналық кабинет үшін медициналық жабдықтарды сатып алу.		Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет, облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы әкімшілер
5		017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	Жұмсалатын материалдарды, жабдықтаушы және қосалқы бөлшектерді сатып алу. Интернет желісін пайдалану қызмет көрсетулерін. Есептеу техникасына жүйелік-техникалық қызмет көрсету. Ақпараттық жүйелерді және жергілікті міндеттерді сүйемелдеу. Компьютерлік жабдықтарды сатып алу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет, облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы әкімшілер
6		100	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қызметін қамтамасыз ету	Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін бекітілген штат саны шегінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратын ұстау. Жоғарғы Соттың әкімшілік ғимаратының	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы

				қызметін ету. Сот жинақтарын өндірісі практикалық шығару.	қамтамасыз практикасы және сот жөніндегі құралдарды	Жоғарғы Соты
7		101	Қазақ- тан Рес- публика- сының Жоғарғы Соты жанында- ғы Сот әкімші- лігі жөнінде- гі комитет- тің аппараты	Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін бекітілген штат саны шегінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет аппаратын ұстау. Заңдарды жүйелеу жөніндегі жұмысты іске асыру. Судьялар корпусы үшін кадрларды іріктеуді іске асыру үшін Әділет біліктілік алқасының қызметін қамтамасыз ету.	Ж ы л бойы	Қазақстан Ресубли- ка с ы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкім- шілігі жөніндегі комитет
8		102	облыс- тардағы, Астана және Алматы қалала- рындағы әкімші- лер	Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін бекітілген штат саны шегінде облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы Әкімші- лердің, аппараттарын ұстау. Соттарды норма- тивтік құқықтық акті- лермен қамтамасыз ету.	Ж ы л бойы	Қазақстан Ресубли- ка с ы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкім- шілігі жөніндегі комитет, облыстар- дағы, Астана мен Алматы қалала- рындағы әкімшілер
9		103	Жергі- лікті соттар	Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін бекі- тілген штат саны шегінде жергілікті соттарды, соның ішінде Қаржы Орталығы Сотын ұстау. Сапалы және уақтылы сот төрелігін іске асыруды жүзеге асыру.	Ж ы л бойы	Қазақстан Ресубли- ка с ы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкім- шілігі жөніндегі комитет, облыстар- дағы, Астана

						м е н Алматы қалала- рындағы әкімшілер
--	--	--	--	--	--	--

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: 48 бірлік мөлшерінде Жоғарғы Сот судьяларына және 164 бірлік бекітілген штат саны мөлшерінде Жоғарғы Сот аппаратына жүктелген міндеттер мен мақсаттарды толық көлемінде орындау;
64 бірлік бекітілген штат саны мөлшерінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің аппаратына жүктелген міндеттер мен мақсаттарды толық көлемінде орындау;
2337 бірлік бекітілген штат саны мөлшерінде облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы соттар әкімшілерінің аппараттарына жүктелген міндеттер мен мақсаттарды толық көлемінде орындау;
8156 бірлік бекітілген штат саны мөлшерінде жергілікті соттарға жүктелген міндеттер мен мақсаттарды толық көлемінде орындау;
2060 адамның кәсіби деңгейін арттыру;
4307 адамды, соның ішінде аумақтық органдардың 4197 адамын мемлекеттік тілге оқыту;
1081 адамды, соның ішінде аумақтық органдардың 1056 адамын ағылшын тіліне оқыту;

жергілікті соттардың 13 ғимараты мен үй-жайларына күрделі жөндеу жүргізу;
92 жұмыс орнын компьютерлік техникамен қамтамасыз ету;
Қаржы Орталығы Сотын ұстау үшін жағдай жасау.

Түпкілікті нәтиже: мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру қажеттілігін 24,8%, мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік тілге оқыту қажеттілігін 40% және мемлекеттік қызметшілерді ағылшын тіліне оқыту қажеттілігін 10% қамтамасыз ету;
билер мен сот жүйесінің қызметкерлерін 100% жиһазбен қамтамасыз ету. Жаңадан құрылған соттардың 2% жиһаздарын жаңарту;
100% жергілікті соттарды оргтехникамен жабдықтау;
сот жүйесі қызметкерлерінің компьютерлік орындарын 50% сұранысына қарай қамтамасыз ету;
сот жүйесі қызметкерлерінің жалпы санының 50% Интернет желісі қызметін пайдалануын қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бір қызметкерін ұстаудың орташа құны жылына 4000,0 мың теңге;
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет Аппаратының бір қызметкерін ұстаудың орташа құны жылына 1400,0 мың

т е ң ғ е ;

соттар әкімшісінің бір қызметкерін ұстаудың орташа құны жылына 694 мың теңге;
жергілікті соттардың бір қызметкерін ұстаудың орташа құны жылына 950,0 мың теңге;
бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға орташа шығын 6,3 мың теңге;
мемлекеттік тілге мемлекеттік қызметшіні оқытуға орташа шығын 4,3 мың теңге;
Ағылшын тіліне мемлекеттік қызметші оқытуға орташа шығын 5,0 мың теңге.

Уақтылығы: азаматтардың шағымдарын, өтініштерін уақытылы қарау, сот
ш е ш і м д е р і н о р ы н д а у ;

жыл бойы жасасқан шарттарға сәйкес;
мерзімдерді бұзбай сот істерін қарау және шешімдерді орындау;

Сапасы: істерді жедел және салалы қарау;
жалпы істердің санынан, мерзімі бұзылып қаралған істердің саны
0 , 5 % т ө м е н д е т у ;

алғашқы сот шешімдерінің күшін жоюды 1 % төмендету;
аяқталған жалпы атқарушылық іс жүргізулерден сот актілерінің нақты орындалуын
7 5 % а р т т ы р у ;

қазіргі кездегі экономикалық жағдайлармен байланысты кәсіптік мемлекеттік қызметке
қойылар талаптарға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік біліктілігін арттыру,
мемлекеттік тілге оқыту курстарын өткеннен кейінгі мемлекеттік тілде іс-қағаздарын
жүргізетін мемлекеттік қызметшілердің үлесі 1 %; ағылшын тіліне оқыту курстарын
өткеннен кейінгі ағылшын тілінде іс-қағаздарын жүргізетін мемлекеттік
қызметшілердің үлесі 0,3 %; біліктілікті арттыру курстарын өткеннен кейінгі жоғары
тұрған қызметтерге тағайындалған мемлекеттік қызметшілердің үлесі 0,1 %.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қ а у л ы с ы н а

363-ҚОСЫМША

501 - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Қазақстан Республикасы сот жүйесі органдарының бірыңғай
автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін құру"
деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 99360 мың теңге (тоқсан тоғыз миллион үш жүз алпыс мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан
Республикасы Парламентінің "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы (екінші оқылым) 2005 жылғы 9

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : сот жүйесі органдарын автоматтандыру, сот жұмысының жеделділігін, тиімділігін және сот өндірісінің сапасын арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазақстан Республикасының облыстық, аудандық, әкімшілік, экономикалық, әскери соттарында бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін құру, осы жүйенің көмегімен барлық сот істерін (қылмыстық, әкімшілік, азаматтық), апелляциялық шағымдар мен қадағалау наразылықтарының қозғалысын, оларды сотқа түскеннен бастап орындалуына дейін және мұрағатқа тапсырғанға дейін бақылау мен есепке алу, сот статистикасын автоматты түрде жинау, сот актілері мәліметтері банкін қалыптастыру және Қазақстан Республикасындағы сот практикасын қорыту мүмкіндігі.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	К і ш і бағдарлама-лардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орын-даушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Қазақстан Республикасы сот жүйесі органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін құру	Сот процестерін аудио түсіру үшін техникалық құралдар, бағдарламалық қамтамасыз ету және қосалқы қызметтер жиынтығын сатып алу. Сот жүйесі органдарының ақпараттық-талдау жүйесін әзірлеу, енгізу, көбейту.	Ж ы л бойы	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тура нәтиже: судьялар мен соттар аппараты (кеңселері) қызметкерлерінің жұмыс орындарын автоматтандыру, сот істерін есепке алуды ұйымдастыру, статистикалық және талдау есептерін жедел алу, сот істерінің республикалық электронды мұрағатын қ ұ р у .

Түпкілікті нәтиже: соттар қызметінің тиімділігі мен анықтылығын арттыру, залдарды сот процестерін аудио түсіру жүйелерімен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы сот жүйесінің азаматтарға "Электронды үкімет" шеңберінде электронды

қызмет көрсетуді бастауы.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Істер мен шағымдарды қарау уақытын 5 күнге қысқарту, сот төрелігін іске асыруға кететін шығындарды 15% азайту.

Уақтылығы: жасалынған шарттарда белгіленген мерзімдерге сәйкес.

Сапасы: дұрыс шешім қабылдау үшін 100% ақпаратты ұсыну.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

364-ҚОСЫМША

501 - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету"

деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 347320 мың теңге (үш жүз қырық жеті миллион үш жүз жиырма мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 25-бабы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының судьяларды республикалық бюджет қаражатының есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігін орындау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : толық және тәуелсіз сот төрелігін іске асырудың шарттарын жасау үшін судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	004		Судьяларды тұрғын	Қазақстан Республикасы судьяларының тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін тұрғын үй сатып алу.	2006 жылдың 1-4 тоқсандары	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты,

		үй мен қамтама- сыз ету		Қазақстан Республи- ка с ы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкім- шілігі жөніндегі комитет, облыстар- дағы, Астана м е н Алматы қалала- рындағы әкімшілер
--	--	-------------------------------	--	---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тура нәтиже: жоғарғы Соттың 15 судьясын, жергілікті соттардың 30 судьясын
тұрғын үй мен қамтамасыз ету.

Түпкілікті нәтиже: Сапалы және уақтылы сот төрелігін іске асыру үшін судьяларға
жағдай жасау ;

Республика судьяларының 45% тұрғын үйге жалпы сұранысынан қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Астана қаласындағы 3-бөлмелі тұрғын үйдің орташа
құны 9 4 5 0 , 0 мың теңге ;

жергілікті соттардың судьялары үшін тұрғын үйдің орташа құны:

2 - бөлмелі - 3 3 7 5 , 0 мың теңге ;

3 - бөлмелі - 4 1 6 9 , 0 мың теңге .

Уақтылығы: жоспарланған шараларды бекітілген уақытта орындау.

Сапасы: жүктелген міндеттерді судьялардың барынша тиімді орындауына қол
жеткізу.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 жылғы 1 2 желтоқсандағы

№ 1 2 3 5 қаулысына

365-ҚОСЫМША

501 - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6 жылға арналған

"Жекелеген негіздемелер бойынша республикалық меншікке
түскен мүлікті бағалау, сақтау және сату"
деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 82581 мың теңге (сексен екі миллион бес жүз сексен бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Қазақстан Республикасы Президентінің "Сот әкімшілігінің жаңа жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 12 қазандағы N 471 Жарлығы ; "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі N 833 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті сатудан республикалық бюджетке қаражаттың түсуін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне түскен мүлікпен жұмыс істеуді ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	005		Жекелеген негізде-мелер бойынша рес-публикалық меншікке түскен мүлікті бағалау, сақтау және сату	Жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке түскен мүлікті сақтауға, тасымалдауға, бағалауға, сертификаттау мен санитарлық-эпидемиологиялық сараптау жүргізуге, жөнелтуге, сатуға, жоюға және одан әрі пайдалануға байланысты қызметтерге, сондай-ақ басқа да қызметтерге ақы төлеу .	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет, облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы әкімшілер

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тура нәтиже: тәркіленген мүлікті жекелеген негіздер бойынша мемлекет табысына айналдыру .

Түпкілікті нәтиже: жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне

айналдырылған мүліктің мемлекет пайдасына, оның ішінде мемлекетке берілген мүліктің нақты құнының түсуін қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтиже: жекелеген негіздер бойынша мемлекет пайдасына айналдыру жөніндегі шаралардан түскен табыстардан жұмысты ұйымдастыру шығындарының артып кетуі.

Уақтылығы: мүлікті мемлекет пайдасына айналдыру жөніндегі процедураларды мерзімінде өткізу.

Сапасы: заңдармен белгіленген мүлікті мемлекет пайдасына айналдыру (сақтау, бағалау, сату) жөніндегі процедураларды толық сақтау.